

Шағын шаруашылықты кім сақтандырады?

7-бет

Екібастұз халқы екіұдай күйде

9-бет

Өзінді табу, өзінді тану – адамдық мұрат

13-бет

# EGEMEN QAZAQSTAN

№40 (30519) 28 АҚПАН, СЕЙСЕНБІ 2023 ЖЫЛ

Жүз жылдық жыйнама

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

## Үкімет басшысы ел дамуының қарқыны жөнінде баяндады



Суретті түсірген: Аманжол ДУКЕШЕВ, Ерболат КИШЕВ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министр Елхан Смайловты қабылдады. Қабылдау кезінде Үкімет басшысы Президентке еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы және 2023 жылға арналған республикалық бюджеттің параметрлерін нақтылау мәселелерін баяндады.

Премьер-министр Қасым-Жомарт Тоқаевқа әлемдік экономиканың өсіміне қатысты болжамдардың, сондай-ақ осы жылға арналған макроэкономикалық көрсеткіштердің бұған дейін мақұлданған деңгейде сақталып отырғаны жөнінде мәлімет берді. Қазақстанның ІЖӨ-нің нақты өсімі 4 пайыз, ал мұнай бағасы барреліне 85 доллар болады деп жоспарланып отыр.

Премьер-министрдің айтуынша, бюджет шығыстарын ішкі қайта бөлу және бюджет түсімдерін арттыру есебінен 2,2 триллион теңгені нақтылау жоспарланып отыр. Осы ретте шағын және монокалаларды дамытуға, «Ауыл – ел бесігі» жобасын іске асыруға, елді мекендерді газбен қамтамасыз етуге, жылумен қамту жүйелерін салуға және реконструкциялауға, азық-түлік

қауіпсіздігін сақтауға, сондай-ақ ауыл халқы жаппай жұмыспен қамту үшін жағдай жасауға қосымша қаржы бөлу көзделген.

Көлік инфрақұрылымы мен логистика саласын дамыту үшін жолдар салуға және реконструкциялауға қаржы бөлу, пойыздарды жаңарту, жолаушылар вагондарын сатып алу жоспарланған. Сонымен қатар өндіру өнеркәсібіндегі ірі жобаларға, елдің қорғаныс қабілеті мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін армияны жаңғыртуға және әскери қызмет жағдайын жақсартуға қосымша қаражат бөлу көзделіп отыр.

Кездесу соңында Президент елдің дамуына әлеуметтік-экономикалық тұрғыда барынша оң ықпал ету мақсатында бюджет қаражатының жұмсалыуына бақылауды күшейтудің маңыздылығын атап өтті.

### РЕСМИ

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы шекаралық өкілдердің қызмет учаскелері туралы хаттаманы (карта 1:200 000) ратификациялау туралы

2019 жылғы 20 мамырда Бішкекте жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы шекаралық өкілдердің қызмет учаскелері туралы хаттама (карта 1:200 000) ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті  
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 27 ақпан  
№ 203-VII ҚРЗ

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Үшінші елдермен өзара саудадағы техникалық кедергілерді жою тәртібі және шарттары туралы келісімді ратификациялау туралы

2021 жылғы 22 қарашада Мәскеуде жасалған Үшінші елдермен өзара саудадағы техникалық кедергілерді жою тәртібі және шарттары туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті  
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 27 ақпан  
№ 204-VII ҚРЗ

### ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

## Өз күшімен қара үзетін күн қайда?

Допинг дауынан сабақ алатын кез жетті

Кейінгі жылдары қазақ спортының дамуын тежеп тұрған бір мәселе бар болса, бұл – спортшылардың жегіқұртына айналған допинг дауы. Кезінде Олимпия ойындары, әлем чемпионаттары секілді ел мерейін асыратын ірі-ірі байрақты додаларда дараланып, қазақ халқына үлкен қуаныш сыйлаған спортшыларымызды жер-көкке сыйғызбай, төбемізге көтерген едік. Өкінішке қарай, көп ұзамай сол саңлақтарымыздың Олимп шыңын қитұрқы жолмен бағындырғаны дәлелденіп, жер-жаһанның жанкүйерлері алдында маскара болды...

Әли БИТӨРЕ,  
«Egemen Qazaqstan»

Бұрынғылардың «ауру қалса да, әдет қалмайды» деген сөзінің рас екеніне тағы бір мәрте көз

жеткіздік. Таяуда дәл осындай жағдай тағы қайталанды. Жапонияның бас шаһары Токиода өткен Олимпия ойындарында ерекше өнерімен дараланып, қола жүлдеге қол жеткізген ауыр

атлет Игорь Сон допингпен ұсталып, абыройымызға тағы нұқсан келтірді.

Қоғамды елең еткізген жаңалық әлеуметтік желіде де кең тарап, қолданушылар арасында қызу талқыланып жатыр. Жанкүйерлердің көбі допингпен ұсталған спортшыларға аяушылық танытпай, ауыр жаза тағайындау керек деп есептейді. Тіпті мемлекеттен берілген барлық сыйақыны түгелімен бюджетке қайтаруға тиіс екенін айтып жатыр.

(Соңы 14-бетте)

### САРАПТАМА

## Шетелден алған қаржы қайда жұмсалды?

Қазақстан соңғы 15 жылда халықаралық даму институттарынан 14,4 млрд доллар қаржы алған. Қаражат негізінен экономика реформалар жасауға, шенеуніктерді оқытуға және түрлі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға берілген. Халықаралық институттар мақұлдаған тәуелсіз қаржыландыруды иемдену бойынша Қазақстан Еуразия өңірінде екінші орынға (Өзбекстаннан кейін) ие.

Абай АЙМАҒАМБЕТ,  
«Egemen Qazaqstan»

Еуразиялық тұрақтандыру және даму қорының тәуелсіз қаржыландыру деректер базасында (SFD) жария етілген мәлімет бойынша, өңірде жұмыс істеп жатқан 16 ірі халықаралық даму институттары мен агенттіктерінен қаражат келіп түскен. Бұл ретте SFD тек тәуелсіз қаржыландыру, яғни жеке секторға емес, Үкіметке түскен қаражат туралы ақпарат жариялайды.

«Еуразиядағы қаржыландыру көлемі айтарлықтай. SFD базасында 15 жылдағы 90 млрд доллардан асатын жобалар жинақталған. Бұл төменгі планкадағы консервативті бағалау, өйткені біз тек жария ақпаратқа сүйенеміз. Бізде елдер арасындағы екіжақты қаржыландыру қамтылмайды», – деп атап өтеді Еуразиялық



Коллажты жасаған: Аманжол КИШЕВ, «EQ»

тұрақтандыру және даму қорының бас экономисі Евгений Винокуров.

Соңғы 15 жыл бойы Қазақстан тұрақты түрде әр алуан халықаралық даму институттарынан қаржы алып

келді. Ең көп алған кезі дағдарыс сәтінде – 2009-2010 және 2015-2020 жылдарға тұспа-тұс келеді.

(Соңы 8-бетте)

### МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

## «Ата жолы» картасы:

Қажетті кадрлардың қатарын қандастар толтырады

Адам капиталын дамытуда еңбек нарығындағы сапалы кадрларды арттырудың маңызы зор. Бұл бағытты ішінара шетелден пайдалы жұмыс күшін тарту арқылы да ігерілетсек, ұтымсымыз анық. Осыған баса мән берген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы Жолдауында тиімді көші-қон саясатына тоқталып, шетелден білікті мамандарды шақырту керек екенін атап өтті. Ал мұндай талашқа сай келетін мамандар шетте туып-өскен өзіміздің қарақөздеріміз болса, құба-құп. Осындай мүмкіндік тудыратын «Ата жолы» картасы биылдан бастап қолға алынып отыр.

Бакытбек ҚАДЫР,  
«Egemen Qazaqstan»

Карта иегерлерінің саны жыл сайын артады

Жаһанның 40-тан аса еліне жайылған қазақ жұртына тағы бір ақжолтай жаңалық жетті. Жоғарыда

атап өткен Президент бастамасы аясында Қазақстанның Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі биыл «Ата жолы» картасы 5 мың адамға берілетінін мәлімдеді. Бұл туралы құзырлы министрліктің 2023-2027 жылдарға арналған даму жоспарында жазылып, жарияланды.

(Соңы 10-бетте)

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

EUR/KZT 473.8

USD/KZT 449.14

RUB/KZT 5.96

CNY/KZT 64.52